

Қызылжар ЖОББМ-нің 2023-2024 оқу жылы бойынша жылдық тәрбие есебі

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ» МАҚСАТЫ:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

МІНДЕТТЕРІ:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбеккорлыққа баулу.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирас, мәдениетті дәріптейді

Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққа қидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық: - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;

- балабақшада түскі (үйкі) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тыныуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;

- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;

- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;

- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;

- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан таланай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Сакқұлақ, Тымш, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына

тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейсік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың қодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;

- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Жалпы мектепте 19класс бар, оның ішінде бастауыш буындағы кластар саны -5, орта буындағы кластар саны - 8және жоғары буындағы кластар саны - 6.Мектепте барлығы 74оқушы. Оның ішінде әлеуметтік тұрғыдан қорғалған оқушылар саны- 17 Аз қамтылған оқушылар 1. Көпбалалы отбасылардан 4 оқушы. Толық емес отбасылардан 2 оқушы.

1 қыркүйек – «Білім күніне» арналған салтанатты жиын болды. 1-11 кластар «Мектебім –мейірімділік мекен » деген тақырыпта класс сағаттарын өткізді . Барлық класс сағаттары ата-аналардың қатысуымен жүзеге асты. Класс жетекшілер жоспарына сай класс сағаттарын өткізді. Әр дүйсенбі сайын мектеп оқушылары ҚР Мемлекеттік Гимнін орындады.Республика күні қарсаңында «Қазақстан –Республикам менің!»класс сағаттары өткізілді.Республика күніне орай «Көңілді эстафета»ойындары өткізілді.Бастауыш класс оқушылары «Қазақстан-Республикам»тақырыбында суреттер салды.Республика күні қарсаңында жаппай ҚР Мемлекеттік Гимнін орындады. «Менің арманымдағы Қазақстан»тақырыбында эссе жазды.Республика күні қарсаңында мектепішілік үстел ойындары өткізілді.Республика күні қарсаңында «Тәуелсіздік елімнің еркін жолы»тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. ҚР ұлттық валютасы-теңгенің қабылдауына 30 жыл толуына орай 9-11 сынып оқушыларымен тақырыптық сынып сағаты өткізілді.ҚР Тәуелсіздік күніне арналған «Желбіресін елімнің көк туы »челленджі өткізілді.ҚР Тәуелсіздік күнін е арналған «Тәуелсіздік – ел бақытты»атты сынып сағаттары өткізілді.ҚР Тәуелсіздігіне орай мектебімізде ДГЖОрынбасарларының ұйымдастыруымен «Елімнің еркіндігі

Тәуелсіздік»тақырыбында мерекелік концерт өткізілді. Қр Тәуелсіздігіне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес оқушылар өлең жолдарымен құттықтады. «Біртұтас тәрбие»бағдарламасы аясында «Ата-аналарды»қолдау орталығы ашылды.«Біртұтас тәрбие»бағдарламасы аясында қараша айына арналған мектепішілік жоспарға сәйкес 7-8 «А»сынып оқушыларымен «Лудомания- қауіпті дерт»атты класс сағаты өткізілді. «Қатыгездік және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»республикалық ақпараттық акция аясында 1-11 сынып оқушыларымен «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. «Жол жүру қауіпсіздігі»апталығы аясында «Жол қауіпсіздігі»көрмесі ұйымдастырылды. «Жол жүру қауіпсіздігі»апталығы аясында 5-6 «А»сынып оқушыларына «Жолдағы қауіпсіздік»бейнеролигі көрсетіліп,жол белгілерімен таныстырылды. «Қатыгездіксіз және зорлық –зомбылықсыз балалық шақ»республикалық ақпараттық акциясы аясында жоғары класс ата-аналарымен балалық шақты қорғау және оң тәрбие мәселелерінне баса назар аудара отырып,ата-аналарды қолдау мақсатында «Даналық мектебі»жанынан «Отбасы және бала тәрбиесі»тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. «Тоғыз айға -9 іс-шара»тұжырымдамасы негізінде білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту және патриоттық сезімдерін тәрбиелеу,ұлттық ойындардынасихаттау мақсатында 17 қарашада Республика бойынша бір мезгілде өткізілген «Асық ату»челленджіне мектебіміздің оқушылары қатысты.Мектебімізде «Ашық жүрек»атты еріктілер тобы құрылып,жетекшісі тағайындалып,жұмыс жоспары құрылып бекітілді. «Ашық жүрек»еріктілер тобы ауылдың үлкен кісілеріне ауласын жинауға,қыс мезгілінде ауласын қардан тазартуға еріктілер тобының мүшелері белсенділікпен қатысты. Учаскелік инспектор К.А.Утаралин мектеп оқушыларына Жаңа жыл мерекесі қарсаңында пиротехникалық бұйымдарды пайдалану ережелерін таныстырып өтті.Сонымен қатар қысқы демалыста қауіпсіздік ережесін қатаң сақтау қажеттілігіне тоқтады. «Біртұтас тәрбие»бағдарламасы бойынша Оқушылардың ғаламтордағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 1-11 сынып оқушылармен «Қауіпсіз интернет» тақырыбында класс сағаты өткізілді.Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылуына 35 жыл толуына орай кітаптар көрмесі мен сынып сағаттары ұйымдастырылды. «Вандализм –қоғам дерті»тақырыбында 7-11 сыныптар арасында сынып сағаты өткізілді.Ата-аналармен өткізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес мектеп психологі ата-аналармен «Мандала жеау»психологиялық тренингін өткізді.1 наурыз – Алғыс айту күніне орай мектебіміздің оқушылары ұстаздарына,ата-аналарына ,бауырларына кз алғыстарын айтты. «Жеткіншектің жеті жарғысы»жобасын жүзеге асыру мен жол қозғалысы ережелерін сақтау мақсатымен ауылдық учаскелік полиция инспекторы Утаралин К.А.,мектеп оқушыларымен жол жүру ережелерімен таныстырды. «Оқуға күштар» мектеп республикалық челенджі .Ақмола облысы Ақтөбе облысына Қ.Қайсеновтың «Жау тылындағы бала»жолдаған кітап челенджін қабылдады және жоспарып құрылып,бекітілді.Әр түрлі іс-шаралар жоспар бойынша өтті.8 наурыз -«Халықаралық әйел-қыздар»күніне

орай жұмыс жоспары құрылып әр түрлі іс-шаралар өтті. Мектебімізде «Ана-өмірдің гүлі» тақырыбында мерекелік концерт өтті. Оқушылар және мұғалімдер белсене қатысты. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 1-11 класс оқушылары мен ұстаздары «Денсаулық» күніне арналған денені сергіту жаттығулары челленджіне қатысты. Республика күніне орай «Көңілді эстафета» ойындары өткізілді. Республика күні қарсаңында мектепшілік үстел ойындары өткізілді. Оқушыларымыз «Марафон-2023» Мәртөк аудандық чемпионатына қатысып, жүлделі 2 орынға ие болды. Шахматтан аудандық біріншілікте 18 жасқа дейінгі спортшылар арасында мектебіміздің оқушысы Кенжебаев Саид 1 орынды иеленді. Ағымдағы жылдың 1-8 қазан аралығында Шымкент қаласында өткізілетін республикалық, туристік фестивалінің қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте Қызылжар ЖОББ Мектебінің жасөспірімдер тобы 3 орын, ал ересектер тобы 2 орынды иеленді. Жетекшісі Ахметов А. Мектеп оқушыларымен қызылшаның алдын-алу бойынша мектеп медбикесімен ДТЖО түсіндірме жұмыстар жүргізді.

22 наурыз – «Ұлыстың-ұлы күні – Наурыз мерекесіне» орай мектебізде сынып сағаттары, әр түрлі іс-шаралар, спорттық ойындар өтті. Мектебіміздің 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен Наурыз мерекесі сайыс түрінде өткізілді. Сайысқа мектебіміздің барлық оқушыларымен сынып жетекшілері, және ата-аналар қатысты.

Сайысқа төрт топ қатысты.

Бас жүлдені барыс тобы

1 орынды Тұлпар тобы

2 орынды Сері жігіт, сұлу жігіт, сырлы жеңге

3 орынды Шаңырақ тобы жеңіп алды. 4 топта мадақтамен марапатталып оқушыларға сыйлықтар берілді.

Көктемгі каникул кезінде оқушылар бос уақытында қызықты кітаптар оқыды. Мектеп медбикесі қыз балалармен «Ерте жастағы жүктіліктің алдын-алу мақсатында түсіндірме жұмыстар жүргізілді. «Наша қорлық заттарды тарату, сақтау және қолдану» тақырыбында 7-11 сынып оқушыларымен ауылдық учаскелік инспектор К.А. Утаралин түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 12 сәуір «Ғарышкерлер күніне» орай сынып сағаттары өткізіліп, бастауыш сынып оқушылары сурет салды. 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай 1-11 сынып сыныптарында «Бірлігі жарасқан елміз!» тақырыбында ашық сынып сағаттары өтті. 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай 10-11 сынып оқушылары «Бірлік – береке бастауы» тақырыбында эссе жазды. 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай 1-11 сынып оқушылары «Достығымыз

бірлікте «тақырыбында диктант жазды.7 мамыр – «Отан қорғаушылар күні»мерекесі қарсаңында 7-11 сыныптар арасында «Ұлттық патриотизм»тақырыбында сыныптан тыс –шара өткізілді.9 мамыр «Жеңіс күні!»мерекесі қарсаңында бастауыш сыныптар аралығында сыныптан іс-шара өткізілді.Оқушыларға ардагерлердің өмірі мен ерліктері туралы қыскаметражды фильм көрсетілді.Оқушылар Қ.И.Сәтбаевтың 125 жылдығына орай «Адам өміріндегі ғылымның ролі»тақырыбында бірыңғай диктант жазды.1-11 сынып оқушыларымен «Судағы қауіпсіздік»тақырыбында класс сағаты өткізілді. 24 мамыр «Білімім –Отаныма» бірыңғай тәрбие сағаттарын 1-10 сынып оқушыларына сынып жетекшілері ашық тәрбие сағаттарын өткізді.9-11 сынып оқушылары «Мен,мектеп,ұстаз»деген тақырыпта эссе жазды. «Мектебім ,саған мың алғыс»атты соңғы қоңырау мерекесі өтті.Оқушылар мен ата-аналар белсене қатысты.

Класс жетекшілердің жұмысы.

Мектепте барлығы 19 класс жетекшісі бар.Олардың 14 - жоғары білімді, 5 – орта арнаулы. Сонымен бірге, оқу жылының басында класс жетекшілердің ӘБ ұйымдастырылып, оның жетекшісі тағайындалды. Жұмыс жоспары жасалды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: жүзеге асыру жолдары»тақырыбында класс жетекшілердің бірінші отырысы ұйымдастырылды. «Біртұтас тәрбие»бағдарламасы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп,кешенді жоспардың құрылуы жөнінде сөз етілді

«Мектеп -оқушы-ата –ана» үштігінің жұмысы.

Мақсаты: Мектептің отбасылармен, оқушылармен ынтымақтаса отырып жұмыс жасауын қамтамасыз ету.Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті.Педагогикалық ұжыммен 2024-2025 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда басшылыққа алынатын «Біртұтас тәрбие»бағдарламасы талқыланды.Ата-аналар қауыммен 2024-2025 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие»бағдарламасы талқыланып,бірқатар сұрақтар қойылып,тиісті жауаптар берілді.

Ата-аналар комитеті құрылып, жұмысын жүргізуде. Барлық кластарда ата-аналар комитеті құрылды, ол ата-аналарға таныстырылды. Барлық класс жетекшілер класс жиналыстарында баяндамаларын оқып, сауалнамалар алып отырды.

Осы атқарылған жұмыстардағы жетістіктер мен кемшіліктерді ескере отырып, келесі тоқсанға

ұсыныстар:

- ❖ Класс жетекшілердің тәрбие үрдісіндегі жана әдістермен жұмыс жасауын қамтамасыз ету мақсатында оларды қайта даярлық курстарына, семинарларға жіберу;
- ❖ Класс оқушыларымен жүргізілетін тәрбие жұмысының сапалы деңгейі үшін класс жетекшілердің жеке жауапкершіліктерін арттыру;

- ❖ Тәрбиелілік деңгейін анықтау сауалнамасының қорытындысы мен ұсыныстарына сәйкес, тәрбиелік іс-шараларды өткізудің әдісі мен түрін жетілдіру, тәрбие үрдісінде қазіргі заманғы технологияларды пайдалану;
- ❖ Ата-аналармен жұмысты жандандыру, оларға құқықтық білім беруді одан әрі жетілдіру.

Мектеп директоры:



Тулемесов Е.К.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары :

Handwritten signature of M. D. Kaubaeva

Каукаева М.Д.

Handwritten signature of S. F. Kenzhebaeva

Кенжебаева С.Ф.